

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 97 "Элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1563. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 385 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.06.20 N 385 бұйрығымен.*

*-----Бұйрықтан үзінді-----*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп т а н ы л с ы н .*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ауыл                      шаруашылығы                      министрінің  
2008                      жылғы                      20                      маусымдағы  
N 385 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

- 1 . . . . . ;*
- 2 . . . . . ;*

*3. "Элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 97 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 шілдеде N 1563 тіркелді; Қазақстан Республикасы*

*орталық атқарушы және өзгеде мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланды, 2001 жыл, N 29, 469-құжат);*

4 . . . . . ;

5 . . . . . ;

6 . . . . .

-----  
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Z010143\_ "Астық туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ "Лицензиялау туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 сәуірдегі N 522 P010522\_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Ауыл шаруашылығы Министрінің 2001 жылғы 4 сәуірдегі N 97 V001124\_ "Элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың Е р е ж е л е р і н е :

1) атауы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелері";

2) 1, 2, 3, тармақтардағы "элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу" деген сөздер "астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3 тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"3. Астықты сақтау қызметінің айрықша (жалғыз) түрі құқығында жүзеге асырылатын меншік құқығында астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары лицензиялау субъектілері б о л ы п т а б ы л а д ы " ;

4) 4 тармақтағы "немесе жеке" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 5 тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"5. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астық қабылдау кәсіпорыны - астықты сақтау қызметінің айрықша (жалғыз) түрі құқығын жүзеге асыратын меншік құқығында астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар заңды тұлға;

2) астықты сақтау - астықты қабылдауды, өңдеуді, сақтауды және тиіп жөнелтуді қосатын астық қабылдау қоймасы жүзеге асыратын іс-шаралардың технологиялық кешені;

3) астықты қабылдау - иесі тапсыратын астықты өте тиімді орналастыру және сақталуын қамтамасыз ету үшін оның мөлшері мен сапалық көрсеткіштерін анықтау, сондай-ақ астықты сақтауға өткізген заңды және жеке тұлғалардың есебі жөніндегі астық қабылдау кәсіпорындары жүргізетін іс-шаралардың жиынтығы;

4) астықты өңдеу - технологиялық операциялардың жиынтығы (кептіру, өңдеу, өлшеу);

5) кептіру - шикі және дымқыл астықты қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес оның әрі қарай сақталуын және тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ететін көрсеткіштерге жеткізу жөніндегі технологиялық процедуралар мен операциялардың жиынтығы;

б) тазалау - қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес оны мақсатты пайдаланылу, әрі қарай сақтау және тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ету талаптарына жеткізу жөніндегі технологиялық процедуралар мен операциялардың жиынтығы;

7) өлшеу - астықтың, жарамды қалдықтардың, жарамсыз қалдықтардың қабылдау, өңдеу, кептіру, тиіп жөнелту кездеріндегі көлемін дұрыс таразыларда анықтау;

8) тиіп жөнелту - астық қабылдау кәсіпорындарының көлік құралдарының барлық түрімен астықты сыртқа шығару үшін босатуы;

9) астық қабылдау кәсіпорындары үшін шек қойылған қызмет - астық қабылдау кәсіпорындарының ерекше (жалғыз) қызмет түрі - астықты сақтауға жатпайтын басқа да кез келген қызметі, сондай-ақ астықты сақтау жөніндегі қызмет көрсету рыногында астық қабылдау кәсіпорындары үшін тиым салынған үстемдік жағдаймен айналысатын қызметі";

б) 6 тармақтағы "элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі" деген сөздер "астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7 тармақтың:

2) тармақшасындағы "және жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын нотариальды расталған құжаттарының көшірмесі" деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақшаның:

екінші абзацындағы "элеваторы" деген сөз "астық қабылдау кәсіпорыны" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацындағы "және оның қайта өңдеу өнімдері" деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

жетінші абзацындағы "астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, кептіру, өңдеу және қайта өңдеу" деген сөздер "астықты сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 7-1 тармағымен толықтырылсын:

"7-1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" Заңының 25, 28, 29, 31 баптарына сәйкес көрсетілген құжаттарды беру кезінде мәлімдеуші заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда уақытша басқаруды кіргізу мүмкіндігі және астық қабылдайтын кәсіпорындарды басқару жөніндегі құрылтайшылардың құқығын шектеу жайлы хабарландырылуға (таныстырылуға) жатады. Хабарландыру Лицензиардың лицензия алуға арналған өтінімдерді тіркейтін журналдарында тіркеледі және мәлімдеушіге жазбаша қол қойылып беріледі." ;

9) 9 тармақтағы "элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу" деген сөздер "астық қабылдау кәсіпорындарында нақты астық қоймаларын (элеваторы, астық қабылдау кәсіпорындары) көрсетумен астықты сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 10 тармақтың бесінші абзацындағы "2000 жылғы 22 ақпандағы N 273"

деген сөздерден кейінгі "элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу" деген сөздер "астықты астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 13 тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"13. Лицензия сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін:

1) біліктілік талаптарды Лицензиат бұзғанда;

2) Лицензиаттың өзі жүзеге асыруға лицензия алған қызмет түрімен айналысуына сот тиым салғанда;

3) Лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаса;

4) Лицензия алған кезде Лицензиат көрнеу жалған ақпарат берген жағдайларда;

12) 15 тармақта:

бірінші және екінші абзацтар алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметін тоқтату" деген сөздер алынып тасталсын;

13) мынадай мазмұндағы 15-1 тармағымен толықтырылсын:

"15-1. Егер астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару астық жөніндегі қолхат міндеттемесін орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайда,

Лицензиар белгіленген заңнамалық тәртіппен лицензияны қайтып алуы және астық қабылдау кәсіпорының жоюды бастауы мүмкін";

14) мынадай мазмұнда 18-1 тармағымен толықтырылсын:

"18-1. Астық қабылдау кәсіпорының астықты сақтау жөніндегі қызметті жүргізу лицензиясының қимылын Лицензиар алты айға дейінгі мерзімге:

1) астықты сақтау және тиеп жөнелту жөніндегі келісілген міндеттемелерді әрдайым ықтиятты (алты календарлық ай ішінде екі рет немесе одан көп) орындамағаны;

2) заңнамамен қарастырылған фитосанитарлық нормаларды бұзғандығы;

3) құқықтық нормативтік актілерді бұзғандығы не Лицензиардың біліктілік талаптарға жататын жазбаша ескертпелерін орындамағаны;

4) астық қабылдайтын кәсіпорындарына шек қойылған қызметті жүзеге асырғаны - үшін тоқтатады;

15) 25 тармақтағы "элеваторларда астық пен оның қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, қайта өңдеу" деген сөздер "астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) мынадай мазмұндағы 29-1, 29-2 тармағымен толықтырылсын:

"29-1. Лицензиат қажетті құжаттарды ұсыну арқылы объектінің жыл сайынғы жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығының актісін тапсырады.

29-2. Лицензиат статистикалық мемлекеттік органдарының келісімі бойынша Лицензиар белгілеген үлгілері мен мерзімдері жөніндегі біліктілік талаптарын сақтау мәселелері жөніндегі есептерді тапсыруға міндетті";

17) 30 тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"30. Лицензиар астық қабылдайтын кәсіпорындарда астықты сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың бірыңғай реестрін жүргізеді. Оған лицензияларды беру, олардың қимылын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы барлық мәліметтер кіргізіледі".

2. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармалары

және Астық департаменті осы бұйрыққа сәйкес шаралар қолдансын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау вице-Министр А.И. Мырзахметовке жүктелсін.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК